

## Зайсан ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 наурыздағы № 37-8/3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 сәуірде № 5820 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № VIII-21-23 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 27.03.2024 № VIII-21-23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Зайсан ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ереже бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Тусупов

Д. Ыдырышев

Зайсан аудандық мәслихатының

2019 жылғы 15 наурыздағы

№ 37-8/3 шешіміне қосымша

## Зайсан ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ереже

### **1. Жалпы ереже**

1. Зайсан ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленген және Зайсан ауданының Құрмет грамотасымен (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) наградтауга ұсыну және оны тапсыру тәртібін анықтайды.

## **2. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша талаптар**

### **1. Құрмет грамотасы:**

1) экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сактаудағы, спорттағы, әскери және мемлекеттік қызметтегі, құқық қорғау және қоғамдық қызметтегі, қайырымдылық жасаудағы елеулі жетістіктері үшін;

2) халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланыстарды нығайту, қоршаган ортаны қорғау, жастарға тәрбие беру, бойынша жемісті қызметті жүзеге асырғаны үшін марапаттау және ынталандырудың бір нысаны болып табылады.

### **2. Құрмет грамотасымен:**

1) Зайсан ауданының дамуына қомақты үлес қосқан азаматтар, мекеме, кәсіпорын және ұйымдардың қызметшілері;

2) меншік нысанына қарамастан, еңбекте, қоғамдық-саяси қызметте жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген шаруашылық жүргізу什і субъектілер ұжымдары, ұйымдар, мекемелер, шығармашылық ұжымдары;

3) азаматтығы жоқ адамдар және шет мемлекеттердің азаматтары наградталады.

### **3. Құрмет грамотасымен:**

1) наградтау сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіpte өтелмеген немесе алып тасталмаған, сottалғандығы бар адамдар;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

3) сот сыйайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп таныған адамдар марапаттала алмайды.

4. Бір тұлға (ұжым, ұйым) бес жыл ішінде ауданының Құрмет грамотасымен наградталуға екі рет ұсыныла алмайды.

5. Наградтау ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де Қазақстан Республикасының мерекелеріне орайластырылады.

## **3. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі**

1. Құрмет грамотасымен наградтауға ұсынысты аудан әкімінің аппаратына шараның өтетін күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын меншік нысанына қарамастан мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық ұйымдар, шығармашылық бірлестіктер, жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұсынады.

2. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсыныс хат тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), жұмыс орнын (Жарғылық құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауын және атқаратын лауазымының толық атауын көрсете

отырып), білімі туралы мәліметтерді, лауазымы бойынша саладағы жалпы еңбек отілі, наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтерді көрсете отырып ұсынылуы тиіс. Ұсыныс хатқа мекеме басшысының қолы қойылып, мөрімен бекітіледі. Ұсыныс хатқа кандидаттың жеке күәлігінің көшірмесі тіркеледі.

3. Дұрыс рәсімделмеген және наградтауға дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем мерзімде келіп түскен ұсыныс хат аудан әкімінің қарауына қабылданбайды.

4. Келіп түскен құжаттар алдын ала қарау және наградтау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін аудан әкімі жанындағы марапаттау жөніндегі комиссияға (бұдан ері – Комиссия) жолданады.

5. Комиссияның оң қорытындысы алынғаннан кейін ұсыныс аудандық қоғамдық кеңесте мақұлданып, аудандық мәслихат хатшысының келісімі алынып, аудан әкімі (немесе оның міндетін атқарушы тұлға) "Құрмет грамотасымен наградтау туралы" шешім шығарады.

6. Құрмет грамотасын аудан әкімі және (немесе) аудандық мәслихат хатшысы салтанатты жағдайда наградталушиның жеке өзіне тапсырады.

7. "Зайсан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ Құрмет грамотасымен наградталған азаматтардың есебін жүргізеді.

#### **4. Құрмет грамотасының сипаттамасы**

Құрмет грамотасы папкадан және ішіне салынатын айқарма беттерден тұрады. Папка көк түстен дайындалады. Папканың бет жағында 8x8 сантиметр көлемінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және қазақ тілінде "ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ", орыс тілінде "ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА ЗАЙСАНСКОГО РАЙОНА" жазуы жазылған.

Құрмет грамотасы А3 форматында дайындалады, қағазы жылтыр, тегіс, салмағы 25 грамм, түрлі-түсті басу, сыртында Зайсан ауданының логотипі, төменгі бөлігінде алтын түсті қазақтың ұлттық оюы бейнеленген.

Айқарма беттің ішкі бөлігі алтын түсті өрнекпен жиектелген, жоғары жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы орналасқан.

Сол жағында қазақ тілінде наградталушиның тегі, аты, әкесінің аты, наградталушиның ауданға сінірген айрықша еңбегінің қысқаша сипаттамасы, "наградталды" сөзі бар мәтін орналасады.

Төменгі бөлігінде аудан әкімінің және аудандық мәслихат хатшысының аты-жөні және қолы үшін мемлекеттік тілде мәтін орналасады, қол елтаңбалық мөрмен расталады, мемлекеттік тілде марапаттау туралы шешім номері, күні көрсетіледі.

Айқарма беттің ішкі оң жағында: қазақ тіліндегі мәтіннің орысша аудармасы орналастырылады.

Наградталушиның тегі, аты, әкесінің аты жеке басты күәландыратын күжатына сәйкес көрсетіледі.

Ұйым, мекеме немесе шығармашылық ұжымның атауды құрылтайшылық күжаттарға сәйкес көрсетіледі.

Айқарма бет компьютермен терілген көлбеусіз қара көк түсті шрифтермен толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК